

**"Шымкент қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі № 52/444-6с шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 69/631-6с шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 қыркүйекте № 129 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-9-тармағына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 14-1-бабының 2-тармағына, "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 18883 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Шымкент қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Шымкент қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі № 52/444-6с (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 56 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 6 тамызда жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шымкент қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;  
2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

3) ресми жарияланған кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы мәслихатының  
2020 жылғы 14 қыркүйектегі  
№ 69/631-бс шешіміне қосымша  
Шымкент қаласы мәслихатының  
2019 жылғы 17 шілдедегі  
№ 52/444-бс шешімімен бекітілген

## **Шымкент қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі 1-тарау. Тұрғын үй сертификатының мөлшері**

1. Тұрғын үй сертификатының сомасы әрбір алушы үшін 1 (бір) миллион теңгеге дейін бірыңғай мөлшерде айқындалады.

### **2-тарау. Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаты**

2. Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатына жататындар:

1) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 68-бабының 3), 9) және 11) тармақшаларымен айқындалған тұрғын үйге мұқтаж азаматтар тізімінде тіркелген халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары;

2) Шымкент қаласының мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік кәсіпорындарының, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласының мамандары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері және мемлекеттік қызметшілері.